

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№225

2017 жылғы 08 желтоқсан

«Ақтөбе облысының 2016-2020 жылдарға арналған аумақты дамыту Бағдарламасы туралы» облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №361 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы №827 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 49-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы №931 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын, аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг жүргізу, бағалау және бақылау, сондай-ақ Елді аумақтық кеңістікте дамытудың болжамды схемасын әзірлеу, іске асыру және бақылау қағидаларының 20-тармағына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Ақтөбе облысының 2016-2020 жылдарға арналған аумақты дамыту Бағдарламасы туралы» облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №361 шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

Ақтөбе облысының 2016-2020 жылдарға арналған аумақты дамыту Бағдарламасы қосымшаға сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. Облыстық басқармалар осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Г. ЕРҒАЗИНА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА